

Кімге: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі  
Кімнен: Мухаметжанова Айгуль Бекежановна- "Мақаншы ауданы  
әкімі аппараты" ММ жалпы бөлімнің басшысы.  
23.01.2025ж.

## **АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА**

**Тақырыбы: Мақаншы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы**

**Кілт сөздер:** жаңа аудан, әлеуметтік-экономикалық даму, дамыту, жаңғырту, өркендеу.

Мақаншы ауданы-Абай облысының оңтүстігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік. Орталығы-Мақаншы ауылы. Ауылдық округтер саны-11. Ауыл саны-18. Халық саны-26 410 мың адам. Барлық жер көлемі-1 млн. 137 мың 466 га құрайды. Мақаншы ауданы 1928 жылы Семей округінің құрамында құрылды. Ал 1930 жылы таратылды. Екінші рет Мақаншы ауданы 1935 жылы 9 қаңтарда Алматы облысының құрамында құрылды. 1939 жылы 14 қазанда Мақаншы ауданы Семей облысы құрамына кірді. 1963 жылы 2 қаңтарда Мақаншы ауданы таратылып, оның аумағы Үржар ауданына берілді. 1969 жылы 14 мамырда Мақаншы ауданы қалпына келтірілді. 1997 жылы 23 мамырда Мақаншы ауданы таратылып, аумағы Үржар ауданына берілді. 2023 жылғы 28 желтоқсандағы ҚР Президентінің №424 Жарлығымен 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Мақаншы ауданы Үржар ауданынан бөлініп, төртінші рет қайта құрылды. Мемлекет басшысының 2023 жылдың 28 желтоқсан күнгі № 424 Жарлығымен қайта құрылған [1]. Мақаншы ауданы облыс көлеміндегі ауылшаруашылық бағытындағы ірі аудандардың бірі. 02 қыркүйек күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады [3].

Мақаншы ауданы облыс көлеміндегі ауылшаруашылық бағытындағы ірі аудандардың бірі. Ауыл шаруашылығы-аудан экономикасының негізгі саласы ауылшаруашылығы, соның ішінде мал шаруашылығы болып табылады. Жалпы аудан бойынша 965 шаруа қожалықтары және ауыл шаруашылығы саласымен айналысатын 3 жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері бар. Шаруа қожалықтың 263 егін шаруашылығымен, 367 мал шаруашылығымен және де 332 қожалық аралас саламен айналысады. 2024 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылық тауарының жалпы өнімі 24 млрд. 733 млн. теңге құрады, өткен жылмен салыстырғанда өсу қарқыны 102%. Аудан бойынша ірі қара мал саны 73

мың 051 басты құрайды. Мал өнімділігін, өсім саны мен сапасын арттыруда асыл тұқымды малдың маңыздылығы жоғары. Ауданда асыл тұқымды ірі қара мал шаруашылығымен 213 шаруа қожалық, асыл тұқымды қой шаруашылығымен 43 шаруа қожалық айналысады. олардағы асыл тұқымды ірі қара мал саны 26485 бас, асыл тұқымды қойдың саны 6766 бас құрайды [4].

-Егілген егістік көлемі 64 012,8 мың га. құрайды, оның ішінде: дәнді дақылдар- 26, 263,0 мың гектар, майлы дақылдар-19,867, 0 гектар, көкөністер мен бақша тұқымдары-756,3 гектар. картоп-240,4 гектар.

"Ауыл Аманаты" бағдарламасы аясында 2,5%-дық несиелер беру арқылы ауыл халқының табысын арттыру мақсатында 2025 жылға 266 млн тг,33 жоба әзірленіп ұсынылды.

Ауыл шаруашылығы техникасы мен өзге де құралдар бойынша ауданымызға былтырғы жылы-663,0 млн тг жаңадан техника мен құралдар алынды. Бірнеше жылдар бойы шаруа қожалықтардың басты проблемасы-малды сумен қамтамасыз ету болып табылатын. Осы проблеманы шешу мақсатында ағымдағы жылы Аягөз ауданынан жеке кәсіпкер жерді бұрғылауға арналған арнайы техникамен келіп, 18 шаруа қожалықтарында құдық қазылып берді [4].

Кәсіпкерлік. Аудан көлемінде тіркелген шағын кәсіпкерлік нысандардың саны-2337 бірлік.

Республика бойынша туристік танымал бағыттардың бірі Алакөл көлі ауданымыздың мақтанышы болып табылады. Жағалауда 435 кәсіпкерлік нысан, оның ішінде 230 демалыс үйлері, 52 қоғамдық тамақтану орындары, 54 сауда дүкені, 94 дүңгіршіктер, 4 дәріхана және бір автобекет туристтерге қызмет көрсетеді. Жағалауда қолма қол қызмет көрсету мақсатында медициналық пункт және полиция пункті қызмет атқарады. Жағалауда 12 санитарлы-гигиеналық тораптары, 17 қоқыс контейнерлері, Арбатта 65 қоқыс жәшіктері бар. Сонымен қатар бүгінгі күнге Алакөл көлінің жағалауында шешілмеген мәселелер бар. Солардың бірі өткен жылы әлеуметтік желіде көп көтерілген қоқыс шығару алаңы. Жағалаудан 12 шақырым жерге орналасқан алаңға жаңадан полигон құрылысын салу үшін жобалы сметалық құжаттама дайындау мақсатында мемлекеттік сатып алу арқылы конкурс жарияланды. Тағы бір қордаланған мәселе көлдің жағалауындағы электр тапшылығы. 2022 жылы жобалы сметалық құжаттама дайындалған, бірақ құрылыстың күрделі болуына байланысты мемлекеттік сараптамадан қайтадан өту қажеттілігі туындап отыр. Қазір ЖСҚ бүгінгі күнгі бағамен қайтадан түзетуден өтіп жатыр, мемлекеттік сараптамадан өткенен кейін республикалық бюджетке өтінім беріледі [4].

Инвестиция және құрылыс: 2024 жылы ауданға 8 млрд 845 млн.ға инвестиция тартылды. Ауданға инвесторларды тарту мақсатында

бірталай жұмыстар атқарылуда. Мысалы: Мақаншы ауылында "DiNur" ЖШС "Жайтөбе май" май тарту заводының құрылысын бастап кетті. Жобаның құны 4,8 млрд. теңге, 100 жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Облыс әкімдігінің қаулысымен 2 жоба инвестициялық деп танылып, жұмыстар жүргізілуде. Ол Бақты ауылында көпфункционалды көлікті-логистикалық терминал- "Бақты" трансшекаралық хабын салу, екіншісі Жалаңашкөл стансасында "Құрғақ порт" құрылысы. Мақаншы ауылында бес қабатты қонақ үйінің құрылысын салу жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі күнге аудандағы шешілмей тұрған проблеманың бірі жанар-жағар майдың жетіспеушілігі.

Халықты таза сумен қамту мақсатында 2 елді мекенде 1 млрд 983,3 млн.теңге құрайтын су құбырларын тарту жұмыстары жүргізілуде, қолданысқа беру мерзімі 2025 жылдың қараша айы. Аудан халқын таза сумен қамтамасыз ету 88%.

178,9 млн.теңгеге 10 ауылдық мекеннің көшелеріне жарықтандыру жұмыстарына жасалуда [4].

Инфрақұрылымды дамыту. Мақаншы ауданы бойынша 467 шақырым, соның ішінде республикалық 67, облыстық 204,жергілікті маңызы бар 196, ауыл ішілік 254 шақырым автомобиль жолдары бар.2024 жылы «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы аясында 2 елді мекенге (Мақаншы және Қабанбай ауылдарында) 11,3 шақырым құрайтын 6 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жасалды.

Абаттандыру.2024 жылы ауылдық округтерге барлығы 1108 жарықтандыру бағаналары орнатылып, қазіргі таңда жарық шамдары іске қосылды.

Білім саласы. Ауданда 18 мектепте -728 мұғалім қызмет атқарады.

1-11 сыныпта 4664 оқушы, мектепалды даярлық тобында 1079 бала білім алуда. 12 балабақшада 510 бала, мектептегі шағын орталықтарда 569 бала тәрбиеленуде.

Ауданда балабақша саны жеткіліксіз.Интернет желісімен 18 мектеп толық қамтылған. Әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасылардан 2299 оқушы 99 млн 873 мың теңгеге тегін мектеп формасы қамтамасыз етілді.

Балабақша кезегінде 462 бала тіркелген.

Мақаншы ауылындағы құны 921,6 млн.теңге болатын 140 орындық бала бақшасының құрылысы 2025 жылдың 1 тоқсанында пайдалануға беріледі[4].

Денсаулық сақтау саласы. Аудан тұрғындарына 18 медициналық нысандар:

1 клиникалық-диагностикалық аурухана;

9 ауылдық дәрігерлік амбулатория;

3 фельдшерлік акушерлік пункттер;

6 медициналық пункттер;

8 клиникалық бөлімдер қызмет көрсетеді.

Мақаншы ауданы бойынша 2024 жылдың негізгі көрсеткіштеріне тоқталатын болсақ (2023 жылмен салыстырғанда): туу көрсеткіші 12,1%-ға артты, өлу көрсеткіші – 1,4 %-ға төмендеді, халықтың ауру көрсеткіші – 1,8 %-ға азайды. Ана мен сәби өлімі тіркелген жоқ [4].

Аудан халқын сапалы және заманауи медициналық қызметтермен қамтамасыз ету жолында жасалып жатқан жұмыстардың легі айтарлықтай. Соның бірі – ағымдағы жылы көп жылдар бойы шешімін таппай тұрған «Мақаншы ауылында күндізгі стационары, зертханасы және әйелдер консультациясы бар дәрігерлік амбулатория» ғимаратының құрылыс жұмыстарының жандануы. Аталмыш жобаға 2 млрд 276 млн.теңге бөлінді. Нысанды қолданысқа беру 2025 жылдың 1 мамырына жоспарлануда[4]. Халық игілігіне қызмет ететін медициналық нысандар құрылысы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту Ұлттық жобасы» аясында жалғасын табуда. Олардың қатарында 8 елді мекенде жаңадан 2 млрд. 164 млн.теңгеге дәрігерлік амбулаториялардың құрылысы (инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдарымен) бой көтерді:

Аталмыш нысандар заманауи медициналық құрал-жабдықтармен толыққанды қамтамасыз етілген болады. Ауданда бұрыннан қалыптасқан халыққа заманауи аппараттар көмегімен сапалы және көпсалалы медициналық қызметтер көрсету, ауыл халқын қалалық ауруханаларға жіберу көрсеткішін азайту, сияқты мәселелерді шешу мақсатында 2024 жылы ауруханамызға алғаш рет 315 млн 155 мың теңге құрайтын келісімшарт негізінде компьютерлік томография аппараты алынып, ағымдағы айдан бастап қызметін бастау жоспарлануда. Денсаулық саласын дамытудағы шетін мәселелердің бірі - кәсіби білікті мамандармен қамтамасыз ету болып табылады. Ауруханамызда бұған дейін кейбір мамандардың дефицит болуы байқалғаны рас. Алайда, биыл біз өз мамандарымыздың қатарын УДЗ дәрігері, кардиолог дәрігер, сондай-ақ, пульмонолог дәрігерлер сияқты жас мамандармен толықтырдық. Мәселен, УДЗ дәрігері жүрек, қан-тамырлар зерттеуін, нәрсетелердің нейросонография зерттеулерін, жүкті әйелдердің скрининг тексерулерін жасайды. 2025 жылға да рентгенолог, реабилитолог және УДЗ дәрігерлері сияқты жас мамандарды қызметке тарту бойынша келісімшарт жұмыстары жүргізілуде.

1976 жылдан бастап ауруханамыздың бас ғимаратына және клиничко-диагностикалық поликлиникасы ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстары жасалмаған. Қазіргі таңда Абай облысы денсаулық сақтау басқармасына аталмыш нысандар бойынша жобалық-сметалық құжаттар тапсырылды. Сонымен қатар, 2016 жылдан бері жөндеуден өтпеген,

аурухана қазандығына 2025 жылы күрделі жөндеу жұмыстары қарастырылған. Аурухананың медициналық құрал-жабдықтарға деген қажеттілігін жою мақсатында 2025 жылы жылжымалы рентген, хирургиялық құрал жабдықтар, вакуummэкстрактор, флюорограф аппарат және т.б алу жоспарлануда.

Әлеуметтік қорғау.

Аудан бойынша 1405 көпбалалы аналар бар, соның ішінде: 269 «Алтын алқа» иегері, 42 «Батыр ана», 12 «Ана даңқы» иегері, 786 - 4 одан да көп балалы отбасылар бар. 28 әлеуметтік қызметкер 89 жалғызбасты зейнеткерлер мен мүгедектерге және 70 мүмкіндігі шектеулі балаларға мемлекеттік стандартқа сай әлеуметтік қызмет көрсетеді. 65 отбасының 373 мүшесіне 11 млн 166 мың 447 теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек көрсетілді [4].

Әлеуметтік осал топтағы жанұяларды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында құны 840 млн. тенгені жалпы ауданы 4250 шаршы метрді құрайтын 50 пәтер құрылысы жүргізіліп, аяқталған пәтерлер жанұяларға табысталуда. Қазіргі таңда Қаратұма ауылынан 6 пәтер кілті жанұяларға табыс етілді.

Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау мақсатында аудан көлеміндегі мүмкінділігі шектеулі 18 жасқа дейінгі балаларға 1- наурыз «Алғыс айту күні», 22- наурыз Ұлыстың ұлы күні «Наурыз» мерекесі қарсаңында қайырымдылық шаралары ұйымдастырылып, естелік сыйлықтар табысталды.

Алакөл көлінің жағалауында еңбек ардагерлері, соның ішінде әлеуметтік қызмет алушы жалғыз басты қарттар 3 күн тегін демалды.

Жағдайы төмен мұқтаж отбасылардан шыққан және мүмкінділігі шектеулі 700 балаға Алакөл көлі жағалауында тегін цирк қойылымы ұйымдастырылды [4].

Жаңа оқу орындарын бітіріп келген жас мамандар 12 адам әр түрлі мамандақтар бойынша жастар іс-тәжірибесімен жұмыс істеп, тұрақты жұмысқа орналасты. Аудан тұрғындарынан мемлекеттік қайтарымсыз грантқа 3 адам ( нан өнімдерін пісіруге, тігін тігуге, мал шаруашылығын дамытуға) 1 380 000 теңгеден алып, кәсіптерін ашты.

2024 жылдың жоспары бойынша Мақаншы ауданында 162 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, 99,5 пайызы орындалды. Субсидиялық жұмыс орындарына 116 адам орналыстырылды. Оның ішінде: Қоғамдық жұмыс орнына -78 адам, Жастар практикасы-9 адам, Алғашқы жұмыс орны-3 адам, Күміс жас жобасы аясында 28 адам, кешенді жоспар бойынша 186 адам жұмыспен қамтылды [4].

Көші-қон бағдарламасы аясында 2 жанұя -6 адам көшіп келді. Қандастар-9 жанұя -28 адам. Қысқа мерзімді оқуға 2 адам жолданды.

Мәдениет саласы. Мақаншы ауданы бойынша 17 мәдени және

шығармашылық мекемелер халыққа қызмет көрсетуде. Мекемелерде 72 жұмысшы жұмыс атқарады. Олардың 40 адамы шығармашылық топ, 33 адамы қарапайым жұмысшылар. Сонымен қатар, хореографиялық жанрдағы «ІНЖУ» би тобы, «Виа» инструментті тобы, фольклорлық ансамблі жұмыс атқарады. Мақаншы аудандық кітапханаға қарасты 5 кітапхана бар. Жалпы аудан бойынша кітапхананың қоры - 69 025 кітап және мерзімді басылымдарды құрайды[4].

Абай елінің мәдени тарихында айшықты орыны бар "Інжу -Маржан" ән-би ансамбілін қайта жаңғыртып, "Тәуелсіздік күні" қарсаңында алғашқы мерекелік концерті ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда демеушілерді тарту арқылы аталған шараларға дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Спорт. Тұрғындарды бұқаралық спортқа тарту, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ауданда барлық спорт түрлері кеңінен дамыған. Өртүрлі деңгейдегі жарыстардың жеңімпаздары жас ұрпаққа жол ашып өнеге көрсетіп жүрген ел-жұрт мақтаныштары, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері: Шалқар Жоламанов, Сағдат Садықов, Думан Әлдиев, Қуаныш Салықбаев, Айбек Атажанов, Ерлан Сләмбаев, Еркебұлан Қосаев, Дархан Өрікбаев т.б. споршыларымыз бар. Сонымен қатар, Қазақ күресінен "Қазақстан барысы-2024" республикалық турнирінің 3-орын иегері Саят Шамшиев атанды.

Қазіргі таңда ауданымызда жастарға арналған екі спорт кешені және 18 спорт залда, 32 жаттықтырушы 800 ден аса баланы әр-түрлі спорт түрлеріне дайындайды.

«Таза Қазақстан».Бүгінгі таңда бекітілген медиа жоспарға сәйкес 154 шара өткізілді, оған 41 техника жұмылдырылып, 15 774 адам қатысты. Жалпы акция аясында 414 тонна қоқыс шығарылды, соның ішінде Мақаншы ауылында әкімдік пен кәсіпкерлер бірігіп ауылдың сыртында орналасқан қоқыс төгу алаңында тазалау жұмыстары жасалды. 5 тиегіш, 20 жүк машинасы 2 күн жұмыс атқарды. Қоқыс жиналып, арасынан жол салынып, тас төгілді. 554 дана жас көшет отырғызылды, күзде қосымша 1000 көшет отырғызылады деп жоспарлануда [4].

«Туған жерге тағзым».Аудан тұрғындары «Туған жерге тағзым» акциясы аясында 70 млн.теңгеден асатын сомаға елді мекендерде әртүрлі іс шаралар жасалды. Мысалы Мақаншы ауылында 20 жылдық түлектер көшеге ЛЭД экран орнатса, Найманбаев атындағы орта мектепке акт залына 4 кондиционер, Мақаншы орта мектебіне «Атамұра» корпорациясының президенті Рақымғали Құл-Мұхаммедтің демеушілігімен акт залына ЛЭД экранды сыйға тартты, Қайыңды ауылының түлектері қатымхана салып, Бақты ауылының түлектері ауылға кіре берісте Ту тұғырын орнатып, зиратқа баратын жолға тас төгіп жөндесе, Қабанбай ауылында көпбалалы отбасына үй алып берілді. Одан тыс мектептерге құрал жабдықтар, елді мекендердегі парктерге жөндеу

жұмыстары, жарықтандыру және т.б. жұмыстар жасалды[4].

Туған жерге тағзым акциясының аясында Мақаншы ауылының тумасы Талдықорған қаласының Өтенай мәдениет үйінің директоры Тұрсынғали Алмас коллективі 80 адаммен Мақаншы ауылына халыққа тегін шоу концерт қойды.

«Электроэнергия тапшылығы» бойынша:

Алакөл көл жағалауындағы кәсіпкерлік нысандарды тұрақты түрде электрэнергиясымен қамтамасыз ету үшін «Біріккен энергосервистік компания» АҚ (БЭСК) қызметкерлерімен күшейтілген режимде жұмыс атқарылды. Алакөл көлі жағалауында 145 жеке меншіктегі КТП бар. Кәсіпкерлік объектілер мен жағалаудағы демалыс үйлерінің жыл сайын ұлғаюына байланысты электрмен жабдықтау қажеттілігі де артып келеді. Жұмыс істеп тұрған электр беру желісі Алакөл көлінің жағалауын электрмен жабдықтау қызметтерімен толық және сапалы қамтамасыз ете алмайды, бұл электр қуатының жиі істен шығуына және ажыратылуына әкеледі (*былтыр 60-қа жуық электр жарығы өшті*).

Бұл ретте мәселені шешу үшін келесідей жұмыстар атқарылды: 2020 жылы Көктал ҚС (*қосалқы станциясынан*) 110/35/10 кВ жоғары вольтты "Мақаншы-Көктал" әуе электр желісі және қосалқы станциясы салынып, қолданысқа қабылданған, сметалық құны 2,4 млрд.теңге.

Нысанды теңгерімге беру мәселесі туындап тұр, себебі қабылдау актісін МСҚБ (ГАСК) (мемлекеттік саулет құрылыс бақылауы) тіркеуге алмай отыр, жоба мемлекеттік сараптамадан өтпеген. Жобаға тапсырыс беруші «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ Өскемен қаласы. Жобаны кәсіпкерлерді қолдау бағдарламасы аясында жасатып, «ЭкспертТехСтрой» ЖШС мекемесінде сараптамадан өткізген[4].

2023 жылы "Біріккен энергосервистік компания" АҚ-ы инвестициялық бағдарламасы шеңберінде 2021 жылы Көктал ҚС-нан (қосалқы станция) Қарабұлақ ҚС-на дейін ӘЖ-35 (*әуе желісі*) кВ Л-72А реконструкциялау орындалды. Зақымдалған тіректер ауыстырылды, өткізу қабілетін арттыру үшін АС-50 сымы ұзындығы 61 км АС-70/11 неғұрлым қуатты сымға ауыстырылды, бұл бұрын орнатылған желімен салыстырғанда беріліс көлемін үш есеге дейін арттырады.

Орталық канализация жүйелерінің жоқтығы. "Алакөл көлінің жағалауындағы кәріз ағындары үшін кәріз желілері мен сүзу алаңдарын салу" жобасы жұмыс істеп тұрған демалыс базаларының аумағын қамтымайды, тек ауданы 60 га жаңа учаскеде іске асыру жоспарланған. Мемлекеттік сараптама қорытындысы 2020 жылы алынған, *жалпы құны- 2,4 млрд.теңге тазарту құрылыстарының өнімділігі тәулігіне 900 м3* [4].

Осыған байланысты қолданыстағы базалардың аумақтарын қамти отырып жаңа жоба әзірлеу қажеттілігі бар. 2024 жылы маусымдық кезінде

жағалауда шамамен 56-ға жуық ассенизаторлық машиналар қызмет атқарды. Алакөл көлі жағалауында демалушылар көп жиналатын орындарда 164 бірлік бейнебақылау камералары орнатылды. Туристерге 12 қоғамдық әжетханалар тегін қызмет көрсетіп, қосымша 3 модулдік әжетханалар орнатылды.

Ұсынымдар: Бүгінгі күнге аудандағы шешілмей тұрған проблеманың бірі жанар-жағар майдың жетіспеушілігі. Мәселені шешу мақсатында ауданда ЖЖМ құю станцияларының құрылысын салу.

2025 жылы Мақаншы ауылына бір -неше саябақ, сондай-ақ Алакөл көлінің жағалауындағы жаңадан сауда жасайтын, балаларға ойнауға арналған жаңадан демалыс орындарын жасау қажет, жаңа жұмыс орындары ашылады- бұл факторлар халықтың әлеуметтік жағдайына оң әсерің тигізеді.

Бүгінгі таңда, балабақша тапшылығы шешу мақсатында Қаратұма ауылындағы мектеп-бақшасының сиымдылығын санитарлық талаптарға сәйкес 40 баладан 50 балаға дейін кеңейту жұмыстары, сонымен қатар Мақаншы ауылындағы шекара басқармасының ескі балабақша ғимаратын аудандық білім бөлімінің теңгеріміне қойып, алдағы уақытта жекеменшік мемлекеттік серіктестік арқылы жүзеге асыру қажет.

Электрэнергия тапшылығын жою мақсатында электр энергиясына деген қажеттілікті толықтыру үшін: Бір тізбекті ӘЖ-110 кВ, 110/35/10 кВ Көктал ҚС-нан жобаланатын Алакөл ҚС-на дейін және 35/10 кВ Қабанбай 2 ҚС және 110/35/10 кВ Алакөл ҚС -нан қоршау үшін ӘЖ-35 кВ құрылысын салу" жобасы әзірленген.

Алакөл көлінің жағалауындағы кәріз ағындары үшін кәріз желілері мен сүзу алаңдарын салуға мүмкіндік жоқ-жердің саз болғандығына байланысты, сондықтан маусымдық кезінде жағалауда ассенизаторлық машиналардың санын көбейту қажет және тұрмыстық қатты қалдықтарды жою полигоны салуға бюджеттен қаражат бөлінуіне ықпал ету керек.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тарапынан берілген нақты тапсырмалар мен міндеттерді орындау үшін алдағы уақытта аудан жұртшылығы береке - бірлік танытып, өз үлестерін қосатындығына кәміл сенеміз. Шекаралық аумақта орналасқан ауданымызда қоғамдық - саяси ахуал тұрақты. Тұрғындарға облыс, аудан жаңалықтарын және мемлекет саясатын насихаттау бойынша "Мақаншы айнасы" аудандық қоғамдық-саяси газеті арқылы ақпараттық жұмыстар жүргізілуде. Аудан халқының экономикасын өсіру жолдары-халықтың табысын арттыру, тұрақты және қарқынды экономикалық өсім,тұрғын үй мәселесін шешу, әділетті әлеуметтік саясат. Қайта құрылған ауданымызды дамыту жолында,халықпен бірлесіп барлық салаларды жаңғыртып, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара қарым -қатынасты жақсартудағы жасампаз жұмысты бірлесіп жалғастыру керек.



## **Пайдаланған дереккөздер тізімі:**

1. Уикипедия

2. Мемлекет басшысының 2023 жылдың 28 желтоқсан күнгі №424 жарлығы

3. 02.09.2024ж Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм" атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауы.

4. Мақаншы ауданы әкімінің бұқаралақ ақпараттық құралдарының өкілдері және баспасөз -маслихатына қатысушыларға, Мақаншы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндамасы.